

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жоғары және бірінші сортты бидай ұнын міндетті түрде фортификациялау (байыту) ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 шілдедегі N 708 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 қаңтардағы N 32 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.19. N 32 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

"Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жоғары және бірінші сортты бидай ұнын міндетті түрде фортификациялау (байыту) ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 7 шілдедегі

N 708 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін жоғары және бірінші сортты бидай ұнын міндетті түрде фортификациялау (байыту) ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында ұн тартатын кәсіпорындар өндіретін жоғары және бірінші сортты бидай ұнын витаминді-минералды қоспамен міндетті түрде фортификациялау (байыту) (бұдан әрі - фортификациялау) тәртібін белгілейді.

2. Бірінші және жоғары сортты бидай ұнын (бұдан әрі - ұн) фортификациялау

Қазақстан Республикасы халқының арасында микронутриенттік жетіспеушілік тапшылығының алдын алу және оны жою мақсатында жүргізіледі.

2. Фортификациялау тәртібі

3. Фортификациялау жүргізу үшін ұн тартатын кәсіпорында дайындалған және фортификацияланған ұн нан пісіретін бидай ұнына қойылатын талаптарды айқындайтын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес келуге т и і с .

4. Ұнды фортификациялау дозаторлармен және витаминді-минералды қоспамен жарақтандырылған, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкестігі туралы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар ұн тартатын кәсіпорындарда жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

5. Ұн тартатын кәсіпорындарда витаминді-минералды қоспаны қосу нормалары ұнға витаминді-минералды қоспаны қосу технологиясы айқындалатын қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттармен р е г л а м е н т т е л е д і .

6. Ұн тартатын кәсіпорындарда ұнды фортификациялау кезең-кезеңімен е н г і з і л е д і :

- 1) қуаты тәулігіне 150 тоннадан астам астықты 2006 жылғы 1 шілдеден б а с т а п ;
- 2) қуаты тәулігіне 50-ден 150 тоннаға дейінгі астықты 2007 жылғы 1 сәуірден б а с т а п ;
- 3) қуаты тәулігіне 50 тоннадан кем астықты 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап.